

Бекітемін: 
Мектеп директоры: М.А.Умбеталин



Ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

2022-2023 оқу жылы

1. Ата-аналарды мектептегі оқу тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстыру.
2. Ата-аналармен педагогикалық және психологиялық азарту жұмыстарын ұйымдастыру.
3. 2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы жұмыстар.
4. Отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңес беру.
5. Ата-аналар белсенділерімен жұмыс және ата-аналардың әртүрлі қоғамдық ұйымдарымен, жұртшылықпен өзара әрекеттесуі.

Р/с	Мазмұны	Формасы	Жауапты
1	Жаңа оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру 2022-2023 оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру 2) Ата-аналар комитетін сайлау, «Жаңа оқу жылында оқушылардың мектепке келуіне жағдай жасау, Республикалық «Мектепке жол» акциясына демеушілерді тарту. 3) оқушы формасы, оқулықтардың ұсталуы туралы	мектепшілік ата-аналар жиналысы	ДТІЖО психолог соц-педагог педагог- ұйымдастырушы
2	1) 2022-2023 оқу жылының I тоқсандағы оқу қорытындысы 2) Баяндама «Сапалы білім саналы тәртіпке бастайды» 3) Жалпы тазалық және тұмау. Тұмаудың алдын алу шаралары	мектепшілік ата-аналар жиналысы	ДТІЖО психолог соц-педагог

**“Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектеп” коммуналдық мемлекеттік мекемесінде
өткізілген ата-аналар жиналысының жылдық талдау есебі.**

Жылдық талдау есебі

2022–2023 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс бойынша жылдық талдама есебі

Жауапты: Ата-аналар комитеті, мектеп әкімшілігі

Есеп мерзімі: Қыркүйек 2022 – Мамыр 2023

Ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу – оқу-тәрбие процесінің ажырамас бөлігі. 2022–2023 оқу жылында мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс, ынтымақтастық деңгейі артты. Жыл бойы өткізілген жиналыстарда оқыту сапасы, оқушылардың тәртібі, денсаулығы, тәрбиесі, қауіпсіздігі мен отбасындағы ахуал секілді өзекті мәселелер талқыланып, нақты шешімдер қабылданды.

I. ЖЫЛ БАСЫНДАҒЫ МАҚСАТТАР МЕН ЖОСПАРЛАУ

1. Жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен таныстыру

Мектеп директоры М.А. Умбеталин ата-аналарды 2022–2023 оқу жылының негізгі басымдықтарымен таныстырды. Негізгі мақсаттар – білім сапасын көтеру, тәрбие жұмысының мазмұнын арттыру, оқушы тұлғасының жан-жақты дамуына жағдай жасау және отбасымен байланыс орнату.

2. Ата-аналар комитетін сайлау, «Мектепке жол» акциясы

Әлеуметтік педагог Р.К. Умбеталина ата-аналар комитетінің қызметімен таныстырып, жаңа құрамды сайлау ұсынылды. Комитет мүшелері бірауыздан сайланып, белсенді жұмыс атқарды.

«Мектепке жол» акциясы аясында аз қамтылған отбасыларға киім-кешек, кеңсе тауарлары түрінде көмек көрсетілді. Демеушілер тартылып, оқушылардың мектепке толық келуіне жағдай жасалды.

3. Оқушы формасы мен оқулықтарды ұстау тәртібі

Сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігі тарапынан оқушы формасы мен оқулықтарды таза, ұқыпты ұстау туралы ақпарат берілді. Ата-аналар тарапынан бұл талаптар қолдау тапты.

II. ТОҚСАНДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ ЖИНАЛЫСТАР ТАЛДАУЫ

I тоқсан (Қараша)

Күн тәртібі:

Оқу үлгерімі мен тәртіп

«Сапалы білім – саналы тәртіпке бастайды» атты баяндама

Тұмаудың алдын алу, мектептегі тазалық

Қорытынды:

Оқушылардың тоқсандық білім нәтижелері сараланып, үлгерімі төмен оқушыларға қосымша көмек ұйымдастыру ұсынылды.

Психологиялық және тәрбие жұмыстарының үйлесімді жүргізілуі қажеттілігі айтылды. Мектеп медбикесі тарапынан тұмаудың алдын алу шаралары түсіндірілді.

II тоқсан (Қаңтар)

Күн тәртібі:

II тоқсан қорытындысы

Қауіпсіздік шаралары, мектеп ережелерінің сақталуы
Функционалдық сауаттылық туралы ақпарат

Қорытынды:

Оқу үлгерімі тұрақты бақылауда. Ата-аналарға функционалдық сауаттылықты дамытуға қатысты кеңестер берілді (оқу, жазу, талдау, қаржылық, цифрлық сауаттылық).

Мектеп ішіндегі және сыртындағы қауіпсіздік шаралары қатаң бақылауға алынған.

III тоқсан (Наурыз)

Күн тәртібі:

Үшінші тоқсан қорытындысы

Ұлттық құндылықтар мен отбасы тәрбиесі

Тәрбие бағдарламасының орындалуы

«Өмір қандай керемет» атты психологиялық кеңес беру

Қорытынды:

Ұлттық және отбасылық құндылықтардың сабақтастығы туралы түсінік кеңейтілді. Ата-аналармен тәрбие бағдарламасының жүзеге асу барысы таныстырылып, ұсыныстар қабылданды.

Психолог М.А. Нагымова өмірдің мәнін ұғыну, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы семинар-тренинг өткізді.

IV тоқсан және оқу жылының қорытындысы (Мамыр)

Күн тәртібі:

Жылдық оқу қорытындысы

Тәрбие бағдарламасының орындалуы

«Жаз–2023» бағдарламасымен таныстыру

Жалпыұлттық ата-аналар жиналысы: «Мектеп пен отбасының ынтымақтастығы»

Қорытынды:

Оқу жылы сәтті аяқталып, оқу үлгерімі оң нәтижелер көрсетті. Тәрбие бағдарламасы толық көлемде орындалды. Жазғы демалысты тиімді өткізу мақсатында ата-аналарға арнайы ескертпелер мен «Жаз–2023» жоспары ұсынылды.

Жалпыұлттық ата-аналар жиналысы аясында мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту жолдары талқыланды.

III. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫСТАР

Жылдық нәтижелер:

Ата-аналар жиналыстары жоспарлы түрде өткізіліп, толық қамтылды.

Ата-аналар белсенділігі артты, мектеп өміріне қызығушылық танытты.

Әлеуметтік, психологиялық және тәрбиелік бағыттағы мәселелер оңтайлы шешілді.

Оқушылардың үлгерімі мен тәртібіне қатысты жүйелі жұмыс жүргізілді.

Ұсыныстар:

Ата-аналармен кері байланысты күшейту мақсатында онлайн платформа (WhatsApp, Zoom) қолдану.

Психологиялық тренингтер санын арттыру.

Ата-аналарға арналған сауат ашу, ақпараттық семинарларды дәстүрлі түрде өткізу.

Мектеп пен отбасы ынтымақтастығын одан әрі нығайту.

Мектеп ДТІЖО:



Килибаев Е.О..

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасының

2022-2023 оқу жылы «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша
атқарылған жұмыс есебі

Кеңсахара жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылуда. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушыларға таныстыру, насихаттау жұмыстарын жүргізу нәтижесінде оқушыларға жаңадан келген әдеби және ертегілер кітаптармен таныстыру жұмыстары жүргізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханасында кітап көрмелері ұйымдастырылады.

Орта буын оқушылары арасында пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, ашық сабақтар, танымдық сабақтар өткізіледі. Оқушылардың демалыс кезіндегі бос уақыттарын тиімді пайдалануы негізінде оқушылар кітап оқыды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Кеңсахара ЖОББМ-де оқушылар арасында "Қыста оқимыз" акциясы ұйымдастырылды.

https://www.instagram.com/p/CnOWNJ8laIW/?utm_source=ig_web_copy_link

Оқушыларға балалар жазушысы Сапарғали Бегалиннің "Алданған жолбарыс" әңгімесі оқуға берілген болатын. Отырыс барысында сұрақ- жауап, ой қозғау, суреттер сөйлейді әдістері қолданылды. Оқушылар өздері дайындап әкелген сұрақтарды бір-біріне қою арқылы шығарманы жан-жақты талдады. Оқырмандар арасында минутқа оқу сайысы ұйымдастырылып, нәтижесінде 9 сынып оқушысы Күзенбай Бақдәулет 204 сөз оқып жеңімпаз атанды. "Жүзден жүйрік" сайысында берілген уақыт аралығында 1 әріпке ең көп сөз тапқан 7 сынып оқушысы Шамсонова Аделя мәреге бірінші боп жетті. Аптаның ең үздік оқырманы 5 сынып оқушысы Жұмабек Коркем жеңіп алды. Мектебіміздің кітапханашысы Дильмағамбетова Гүлнар Майданқызы отырыс барысында оқырмандарға сұрақтар қойды.

https://www.instagram.com/p/Cmew3A4rt1m/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектеп оқушылары сіздерді кітап оқуға шақырады. Кітап оқудың пайдасы шаш етекпен екенін біле тұра, уақыт бөле алмаймыз. Күнімізді жоспарлап, қай істің өзгелерден маңыздырақ екенін ертерек сараптап отырсақ, тәуліктегі 24 сағатты барлығына да жеткізуге болады. Таным көкжиегіңіз кеңиді. Өзіңізге қажетті тақырыптағы кітаптарды тауып оқысаңыз, өмірлік жауабын іздеген сұрақтарыңыздың шешімін табасыз. Әр кітаптан жаңа ілім үйреніп, бұрын білмеген нәрсенің көзін ашуға болады. Фильм көруден кітап оқу пайдалы екеніне көз жеткізесіз. Кітап желісімен түсірілген фильм көргеніңізді еске түсіріңізші. Фильм кітап ләззатын сыйлай алды ма? Оның үстіне жүздеген беттегі оқиғаны бірнеше сағатқа сыйғызу оңай емес. Фильм арқылы түсінбеген жерлеріңізді кітаптан алуға болады. Оқиғаны әртүрлі талқылай аласыз. Сіздің пікіріңізбен бірдей немесе қарама қайшы ой айтылған кітаптарды оқығанда сол жағдайға қатысты ой-пікіріңіз ұштала түседі. Жағдайды басқа қырынан танып, түсінігіңіз арта түседі. Идея туғызу. Кітаптан оқығаныңызды дәл солай қайталау міндетті емес. Оқи отырып өзіңізге ой түюге, бір ойдан басқа ой шығарып, жаңа идея тууына жол ашылады. Тек дер кезінде жазып қоюды ұмытпаңыз. Содан соң сіздің ойыңыздағы идеяны басқалар жүзеге асырып қоймай тұрғанда, орындап үлгеріңіз. Кез келген тақырыпта әңгіме өрбіте аласыз. Өмірде ешнәрсені маған қатысы жоқ деп ойламаңыз. Донгеленген дүниеде дәл керек емес дегеніңіз алдыңыздан шығады. Кез келген адаммен барлық тақырыпта әңгіме айта білу үшін басқа салалардың кітабынан да хабардар болыңыз. Адам психологиясына бойлай аласыз. Кітап оқиғасындағы кейіпкерлердің диалогына, мінез-құлығына зер сала отырып, басқаларды тез тануға мүмкіндік аласыз. Айтқан сөзінен, жүріс-тұрысынан-ақ не ойы барын, ішкі пейілін танудың шебері боласыз.

Қиялыңыз дамиды. Фильм көрген кезде барлық картина сіздің көз алдыңызда болады. Оны тереңінен ойлауға мүмкіндік бермей, ойыңызды шектеп тастай алады. Ал кітаптағы оқиғаны көз алдыңызға өзіңіз елестете отырып, өз қиялыңызды қоса аласыз. Қазір қандай кітап оқып жүрсіз?

https://www.instagram.com/reel/C18W1fWInYI/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында 5-10 класс оқушыларымен Дүкенбай Досжанның "Жаксы кітап қалай жазылады?" әңгімесін жан-жақты талқылады. Апта сайын өтілетін оқырмандар отырысында 6 класс оқушысы Умбеталина Жансая осы аптаның "Ең үздік оқырманы" атағын жеңіп алды. Келесі аптаға басқа шығарма оқуға берілді.

https://www.instagram.com/p/ClWobpNrAuK/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады. Оқырмандар талантты жазушы, ақын Шерхан Мұртазаның "Ақсай мен Көксаы" әңгімесін жан-жақты талдады. Аптаның ең үздік оқырманы болып 7-класс оқушысы Хожағали Мирас марапатталды.

https://www.instagram.com/p/ClWobpNrAuK/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады. Оқырмандар талантты жазушы, ақын Сапарғали Бегалиннің "Ұрыншақ" әңгімесін жан-жақты талдады. Аптаның ең үздік оқырманы болып 9-класс оқушысы Керімбаева Нұрпат марапатталды.

https://www.instagram.com/p/Clp6DQioyq/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" бағдарламасына аясында 5-7 класс оқушылары арасында "Кітап-білім бұлағы" атты жас оқырмандар сайысы өткізілді. Сайыс нәтижесінде: 1 орын- 6 класс оқушысы Хожағали Еркебұлан, 2 орын- 5 класс оқушысы Жұмабек Көркем, 3 орын- 6 класс оқушысы Умбеталина Жансая, 3 орын- 5 класс оқушысы Бернгардт Карина. Белсенді қатысқаны үшін 6 класс оқушысы Жубаназарова Ботажан марапатталды. https://www.instagram.com/p/CjqQ4JWlpO-/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Оқырман отбасы" марафоны өткізілуде. Бастауыш класс оқушылары мен аналары қатысты.

https://www.instagram.com/p/CcFbz_UqKsl/?utm_source=ig_web_copy_link

"Оқуға құштар мектеп" бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады. Оқырмандар Әкім Таразидің "Әнім сен едің" әңгімесін жан-жақты талдады. Аптаның ең үздік оқырманы болып 7 сынып оқушысы Дарғабаева Гүлнұр марапатталды.

https://www.instagram.com/p/CoC5dflozbl/?utm_source=ig_web_copy_link

Мамыр айында кезекті отырыс өткізілді. Оқырмандар Зейнолла Шүкіровтың "Қасиетті сезім" әңгімесін жан-жақты талдады.

<https://www.instagram.com/reel/CsO->

[OO5IRr0/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==](https://www.instagram.com/reel/CsO-OO5IRr0/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA==)

2023 жылдың 4 мамыр күні сағат 10:00-де мамыр мерекелері мен Жеңіс Күні қарсаңында жасына қарамастан барлық қазақстандықтардың қатысуымен «Еркін ел ұрпағы» жалпыұлттық патриоттық диктант өткізілді. Іс-шараның негізгі мақсаты: Еліміздің

тәуелсіздігі мен егемендігін дәріптеу, ұлттық құндылықтар мен ұлттық мұраттарды бойына сіңірген патриоттық рухтағы ұрпақ тәрбиелеу
https://www.instagram.com/p/Crz_cnJIVgj/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFiZA==

7 мамыр- Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай мектепалды даярлық тобында "Ел қорғауға әзірміз" тақырыбында сынып сағаты өтті.

https://www.instagram.com/p/Cr07xOrIwrN/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFiZA==

9-мамыр Жеңіс күніне арналған тақпақтар оқу, мәнерлеп оқу

https://www.instagram.com/p/Cr0889yoNS-/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFiZA==

15 мамыр- Отбасы күні мерекесіне орай мектеп дәлізінде оқушыларға ақпараттар ілінді.
https://www.instagram.com/p/CsVjRidIA0w/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFiZA==

Әбіш оқуларының аудандық кезеңінде Әбіш Кекілбаевтың шығармаларын мәнерлеп оқу бағыты бойынша 8 сынып оқушысы Ізімғали Мәншүк I орын алып, облысқа жолдама алды.

https://www.instagram.com/p/CqVAwCJIZfC/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFiZA==

Мектеп оқушылары арасында «Оқуға құштар мектеп» бағдарламасы аясында мектеп оқушыларының кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында апта сайын оқырмандар отырысы ұйымдастырылады. Мамыр айында кезекті отырыс өткізілді. Оқырмандар Зейнолла Шүкіровтың «Қасиетті сезім» әңгімесін жан- жақты талдады.

2022 - 2023 оқу жылы басындағы мектеп кітапханасындағы деректер

"Кітаптар саны барлығы (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиеттерді, кітапшаларды, журналдарды қосқанда) (мың дана) /	10629
қазақ тілінде	5629
орыс тілінде	4755
басқа тілінде	245
оның ішінде мектеп оқулықтары (мың дана)	7581
қазақ тілінде	4496
орыс тілінде	2844
басқа тілінде	241
оның ішінде мектеп көркем әдебиеттері (мың дана)	2989
қазақ тілінде	1078
орыс тілінде	1911
басқа тілінде	6
қалған кітаптар, брошура, журнал, сөздік т.б.	59

2022-2023 оқу жылында төмендегідей оқулықтар есептеп шығарылды.

Анықтама

1 954823 (бір миллион тоғыз жүз елу төрт мың сегіз жүз жиырма үш) тенге сомасына, саны 2357 (екі мың үш жүз елу жеті) дана, есептен шығаруға жататын оқу әдебиетінің баланстық және қалдық құны туралы берілді.

№	Атауы	Саны	Шыққан жылы	Баланстық құны	Тозу	Қалдық құны
1	оқулықтар	11	2007	4640		4640
2	оқулықтар	76	2008	39080		39080
3	оқулықтар	182	2009	110924		110924
4	оқулықтар	190	2010	103420		103420
5	оқулықтар	160	2011	92480		92480
6	оқулықтар	216	2012	135130		135130
7	оқулықтар	30	2013	26243		26243
8	оқулықтар	298	2015	230070		230070
9	оқулықтар	637	2016	487207		487207
10	оқулықтар	557	2017	725629		725629
	Барлығы	2357		1 954 823		1 954 823

2022 - 2023 оқу жылы соңындағы мектеп кітапханасындағы деректер

"Кітаптар саны барлығы (мектеп оқулықтарын, көркем әдебиеттерді, кітапшаларды, журналдарды қосқанда) (мың дана) /	8272
қазақ тілінде	3738
орыс тілінде	4401
басқа тілінде	133
оның ішінде мектеп оқулықтары (мың дана)	5224
қазақ тілінде	2605
орыс тілінде	2490
басқа тілінде	129
оның ішінде мектеп көркем әдебиеттері (мың дана)	2989
қазақ тілінде	1078
орыс тілінде	1911
басқа тілінде	0
қалған кітаптар, брошура, журнал, сөздік т.б.	59

Мектеп директоры:



М.А.Умбеталин